

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Набиева Ж.Ж.,

БҚО, Орал қ., Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Қазақстан

Annotation. *In this report are taken up questions of self-development of the personality and methodical aspects (F.Perls, K.Rodzhers, D. Uznadze, K.Yung); check of factors of self-development of the personality, its social nature and contents (L.Bozhobich, K.Levin, Zh.Piazhe, E.Erikson and etc.); problems of formation of consciousness of the personality (L.Vygotsky, A.Leontyev, L.Rubinsteinand etc.). It is also possible to see in this report as interactive methods of training are practically applied to formation of personal activity of students.*

Аннотация. *В докладе освещены вопросы: саморазвитие личности и методические аспекты (Ф. Перлс, К. Роджерс, Д. Узнадзе, К. Юнг); проверка факторов саморазвития личности, социальная природа и содержание (Л. Божобич, К. Левин, Ж. Пиаже, Э. Эриксон және т.б.); проблемы формирования сознания личности (Л. Выготский, А. Леонтьев, Л. Рубинштейн және т.б.). А также практическое применение интерактивных методов обучения для формирования личностной активности студентов.*

Н.Ә. Назарбаев университетінде оқыған «Білім қоғамы жолында» дәрісінде ел студенттеріне «Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны. Сендерге өзді-өздеріңмен үздіксіз жұмыс істеп, өз білімдеріңді, кәсіби құзырлылықтарыңды арттыру қажет. Неміс философы Зиммельдің айтуынша, «білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам» деп өз дәрісінде атап өткен болатын.

Тұлғаның өзін-өзі дамыту үрдісінің кейбір аспектілерімен («Мен тұжырымдамасының» құрылуын) Е. Чеснокова, А. Спиркин және т.б. шұғылдануда. Сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі дамыту мәселесі педагогикалық және әдістемелік жағынан түбегейлі қарастырылғанын айтпай кетуге болмайды.

Кез келген пәнді оқыту әдістемесі тек оқытушының жоғарғы кәсібилігінің арқасында көкейкесті бола алады. Яғни, педагогтың өзіне тән тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне байланысты. Оқытушылар кәсіби іс-әрекетінің мазмұнына қарай мынадай қасиеттерге ие болуы керек: оқу үрдісін жобалай, оқыту технологиясының әр түрлі әдістерін меңгере, оқытудың инновациялық жүйесін пайдалана педагогикалық рефлексияны жүзеге асыра алуы, яғни, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық, мәселелік міндеттерін шеше алуы керек. Тұлға туралы американдық ілімдердің көшбасшысы Г. Олпорттың тұлғаның концептуалдық теориясы бойынша даралық диспозицияның 3 типін бөлуге болады, олар:

- ❖ кардиналды диспозиция – бұл адамның өмірлік әрекетіне мәнді әсер етеді;
- ❖ орталық диспозиция – бұл тұлғаның жалпы сипаттамасы өзіне таңдап алады;
- ❖ қайталанатын диспозиция – бұл біршама тұрақты, қарапайым қажеттіліктермен байланысты.

Г. Олпорт бойынша әрбір жеке индивидум белсенділігінің ең жоғарғы деңгейі тұлға әрекетіне позитивті-шығармашыл ұмтылушы «Менің» қатысуымен шартталады.

Тұлғаның белсенділігін арттырудағы өзіндік сана-сезімнің реттегіштік рөлі тұлғаның өзін тәжірибелік және танымдық іс-әрекеттің субъектісі жеке өзінің адамгершілік қасиеттерін, қызығуларын құндылығын, мұратын және мінез-құлығын тұлға ретінде ұғынуы мен бағалауында көрінеді.


Тұлға белсенділігінің психологиялық-педагогикалық табиғатын тұлғаның құрылымына байланыстырып түсіндіруді төменгі сызба арқылы көрсетуге болады.



Адам өзіне сыни көзқараспен қарай отырып өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі және өз мақсатын нақтылап, ойын бір тұрақты түйінге байланыстыра алу қабілеттілігі белсенділікпен белгілі бір мәнді көрсеткішке жеткізетіні сөзсіз. Оның ішінде өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіне деген сенімін арттырып, рухани күш алады, өзінің айналасын қоршаған адамдармен қарым-қатынасын, өзіне сыни көзбен қарауын, т. алап қоя білуін, сәтсіздік пен жетістікке қалай қарайтындығына мүмкіндік береді.

Өзін-өзі белсендіретін тұлға-қай уақытта болсын өзінің мүмкіндіктерін үнемі толық ашып дамытуға ұмтылушылық қасиеті бар тұлға. Осындай тұлға болып жетілуде жеткіншектер мен жасөспірімдер болашақта шығармашылыққа, толыққанды қарым-қатынас жасауға, өз ойындағысын орындауға қабілеті бола отырып ізгілікті, тұлғалық бағдарлы тәрбие жүйесінде өзін қалыптастыра алады.

Тұлға белсенділігін арттыруда өмірлік ұстанымның рөлі ерекше. Бұл тұлғаның дүниетанымдық, моралдық-психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы болып табылады. Өмірлік ұстаным негізінде оқушылар өз әрекетін белсенді немесе баяу етіп көрсетеді. Дәлірек айтсақ, белсенді деп отырғанымыз, олар айналасындағы шындықты өзгертуге үнемі ұмтылады, ал баяу дегеніміз, қалыптасқан тәртіппен салтты және норманы сақтаумен шектеледі. Жеке тұлғаның іс-әрекетінің белгілі бір бағыттылығы ретінде өмірлік ұстаным адамгершілік бағытта ол тұлғаның мінез-құлық жүйесінен көрініс табады, адамдардың сенімінен, ар-ожданынан, идеялық бір бағыттылығынан байқалады.



Тұлғаның өзіндік өмірлік ұстанымы оның қоғамдық байлыққа деген пікірінен, іс-әрекетінен, қоғамдық қызметінен, өмірге деген көзқарасынан білінеді, сондай-ақ іс-әрекет пен сөз ұғымының бірлігінен, адамның алға қойған мақсатты орындаудағы белсенділігінен, теориялық білім, білік, іскерлік қабілетін жүзеге асыра білуінен байқалады. Белсенділік оқытушының белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, мазмұнды, көлемді танымдық қолданылатын, шығармашылықты арттыратын, білімді меңгерудегі оқушының өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Inter» – бұл өзара, «act» – әрекеттесу деген мағынаны білдіреді. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсемен (мысалы, компьютермен немесе біреумен, адаммен әңгімелесу) диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Интерактивті оқыту әдістеріне студенттерді білім алу және оны өңдеуге жағдай жасайтын әдістер жатады. Олардың ішінде белгілілері – «Үлкен шеңбер», «Өзара» (междусобойчик), «Аквариум», «Ми шабуылы», «Дебат», «Мозайка», «Пікірталас жүргізу әдістемесі», «Рольдік пікірталас», «Психологиялық - педагогикалық консилиум» және т.б.

1. Кеңес беру. Кеңес беру техникаларын қолдана отырып кеңес беріледі. Студенттер жұпқа бөлінеді. Жұптың бір мүшесі «клиент» және екінші мүшесі «психолог-консультант ролінде болады». «Клиент» роліндегі студент «психолог-консультант роліндегі» студентке өмір тәжірибесінен алынған проблемасын шешуде көмек алу үшін консультантқа келеді. 30 минут кеңес беру процессіне арналады. 20 минут кеңес беру нәтижесін топта талдауға арналады.

2. «Үлкен шеңбер» әдісін сұрақтың шешімін тез табу керек болған жағдайда қолдануға болады. Осы форманың көмегімен мысалы, заң жобаларын немесе нұсқауларды, нормативтік құқықтық актілерді жасауға болады. Жұмыс үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең. Топ үлкен шеңбер болып отырғыштарға отырады. Мұғалім мәселені ұсынады.

Екінші кезең. Белгілі уақыт ішінде (10 минут) әрбір оқушы жеке осы мәселені шешудің жолдарын қағаздарына жазады.

Үшінші кезең. Шеңбер бойынша әрбір оқушы өз ұсыныстарын ұсынады, топ бұл ұсыныстарды сынамай тыңдайды, және әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауға дауысқа салады.

3. Аквариум әдісі: «Аквариум» – балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогты жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен ролін атқарады. Соныдықтан да мұны аквариум деп атайды.

4. Психологиялық консилиум: Психологиялық мәселе бойынша әдістерді қолдануды талқылау. Топ рольдерге бөлінеді: психологтар, сарапшылар, түрлі мекеме өкілдері. Мәселені жан-жақты талдап тиімді қотынды шығарулары керек.

5. Дебат. Оқушылардың сыни ойлауын, талдау, маңыздысын ажырату іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Элементтері: дәйектерді құру; проблемаға байланысты түрлі көзқарастарды ашу; проблеманың фактілерін және идеясын көрсету.

6. Еркін микрофон. Бұл әдісті сыныптан тыс уақытта қолданған тиімді. Бұл белгілі бір мәселе бойынша ұжым алдында сөйлеу. Бір күннің проблемасы алдын ала ұсынылады. Бұл оқушыларға даярлануға, өз сөзін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл форманың уақыты аса шектелген. Еркін микрофонды бір адам жүргізу қажет. Ол сөйлеушілер ретін белгілейді, қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады. Міндетті шарт - әкімшіліктен оқытушылардың, жетекшілердің, кураторлардың қатысуы.

7. Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және оқушыларды өнімді оқыту процесіне қатыстыру.

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

- 1) миға шабуыл уақытында сыныптың барлық оқушылары қатысады;
- 2) ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды;
- 3) идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады;

- 4) миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды;
- 5) проблеманы талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады;
- 6) ойлар нақты және қысқа болуы керек.

8. Жобалау әдісі оны немесе проблемалар әдісі деп те атайды. Дж.Дьюидің гуманистік бағыттағы философия және білім беру саласында туындаған. Негізі – студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өз бетімен құру және ақпарат кеңістігінде бағытталу іскерлігін, сыни ойлау іскерлігін дамыту.

9. Іскерлік ойындар әдісі – бастапқыда білім саласында емес, басқарудың практикалық сферасында пайда болған. Қазіргі таңда түрлі практикалық салада қолданылуда: зерттеу жұмыстарында, жобалау жұмыстары барысында, өндірістік жағдайларда, ұжымдық шешім қабылдауда, сондай-ақ, әскери істерде қолданылады. Сондықтан да, бұл әдіс «басқарудың іскери ойындары» деп те аталады.

10. Әлеуметтік-психологиялық тренинг – қарапайым түсініктегі жаттығу ғана емес, бұл нақты бір дағдыларды игеру ғана емес, тұлғаның адамдармен қарым-қатынас жасаудағы бағыттылығын белсенділігін, құзыреттілігін қалыптастыру, топтың әлеуметтік-психологиялық нысана ретінде даму деңгейін арттыру мақсатын көздейді.

Теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыс негізінде қорытындылар жасай отырып, мынадай ұсыныстар беріледі:

- студенттерді тұлға ретінде қалыптастыру үшін, олардың бойына өздерінің адамдық бітім-болмыстарының, адамгершілік қадір-қасиеттердің, рухани құндылықтарын алдағы бүкіл өмір бойы сіңірілуіне түрткі болып отыратын қабілеттілікті дарытуға күш салынуы керек;
- студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын, тұлғаның белсенділігін арттыруда интерактивті әдістерді арқылы қалыптастыру үшін оқу – тәрбие үрдісінде жүйелі түрде қолдану;
- Топтар арасында белсенділігі жағынан көрінген 2с КШО тобы (М. Мажитов, Ж. Губашева, З. Мухаева) 1п КШИ тобы (Д. Салауатова, А. Тасмағамбетова, Ж. Қуанова).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. – Алматы, 1988.
- 2 Богомолова Л.И. Сравнительный анализ двух педагогических технологий 20–х годов // История педагогической технологии / под ред. М.Г. Плохова, Ф.А. Фрадкина. – М., 1992.
- 3 Богуславский М.В., Корнетов Г.Б. О педагогических парадигмах // Магистр. – 1992. – № 5.
- 4 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995.
- 5 Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001.
- 6 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.
- 7 Ильина Т.А. Развитие концепций педагогической технологии.
- 8 Попков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы. – М., 2001.
- 9 Педагогика профессионального образования / под ред. В.А. Сластенина. – М., 2004.

РЕШЕНИЕ РАСЧЕТНЫХ ХИМИЧЕСКИХ ЗАДАЧ ПУТЕМ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОЦЕДУРНЫХ ЗНАНИЙ

Нурушева А.Б.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

Annotation. The article describes the types of knowledge used in educational psychology and in the course of solving computational chemistry. The algorithm for solving problems with a description of its chemical and mathematical parts.

Умение решать задачи - одна из самых важных компетенций студентов (учащихся) как с точки зрения освоения предметных знаний, так и с точки зрения развития личности, которое происходит на основе предметных знаний. Однако не все студенты (учащиеся) быстро и легко